

- 3.Ахмет Байтұрсынұлы мұрасы: зерттеу, жүйелеу және насихаттау Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары - Алматы 2017: "Елтаным баспасы", 396 б.
- 4.Таласпаева Ж. Қазақ орфографиясының мәселелері - Петровапвл 2014, 160 б.
- 5.Күдеринаова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы - Алматы 2013, 242 б.
- 6.Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы - Алматы 2017, 165 б.

№3 дәріс

Тақырыбы: Жазу ережелері.

Мақсаты: Қазақ тілі орфографиясының негізгі мәселелері туралы мағлұмат беру.

Жоспар:

1.1914 жылғы емле жинағы

2.Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіндегі жазу ережелері

Қазақ жазуының ең бірінші орфографиялық ережелер жинағы 1914 жылы ғана жарық көрген. Бұған дейін қазақ халқы араб әліпбиін пайдаланып жүргенімен, қазақ тіліндегі сөздің қалай жазылуын білдіретін ережелер жиынтығы болмаған. 1911 жылдан бастап, баспа бетінде қазақ жазуын жүйеге келтіру, сөздердің дұрыс жазылуын айқындау жайында пікірталас болып, ол қазақ тілі орфографиясын жасауға әкелді. Сөйтіп, 1914 жылы қазақ тілі орфографиясы пайда болды. Бұл орфография ережелері 1924 жылы толықтырылды, кейбір ережелер өзгеріссіз қалды. Бұл ережелер 1929 жылға дейін қолданылды, 1929 жылдан 1940 жылға дейін латын әліпбиіне көшумен байланысты қабылданған қазақ тіл орфографиясы қолданылды.

Қазақ тілінің жазу тарихы бірнеше тарихи кезеңдерді басынан өткізіп, ұлттық әліпби деңгейіне жеткендігі бәрімізге белгілі. Қазақ жазуының алғашқы кезеңдерінде емле мәселесін анықтап алу үлкен қиындық туғызды. Бұл маңызды міндетті Ахмет Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар 1924 жылғы съезде жан-жақтан пікірлерін ортаға салып қызу тартыс барысында ұсыныстар арқылы шешімін тапқанын тарихтан білеміз. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезі 1924 жылы маусымның 12 – 18 күндері аралығында Қазақ АССР-нің сол кездегі астанасы Орынбор қаласында өтті. Съезде жазу ережелері, әліпби мен қазақша пән сөздер мәселесі, ауыз әдебиетін жию шаралары, ғылыми және оқытуға арналған кітаптарды шығару, бастауыш мектептің бағдарламаларын дайындау мәселелері қаралды. Ахмет Байтұрсынұлы төрағалық еткен бұл комиссияның құрамында М. Мырзаұлы, Ә.Бөкейханұлы, Е.Омарұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Н.Төрөкұлұлы, Т.Шонанұлы сынды қазақ зиялылар, сондай-ақ Мәскеуден, Қазақстан оқу комиссариатынан, Қостанай, Семей, Орал, Бөкей оқу губерниясынан, Қырғызстаннан, Башқұртстаннан делегаттар кіреді. Осы жиында өзі «Қазақ жазуы» «тәртіпті жазуы», өзгелер «Байтұрсыновжазуы», «Ұлттықжазу», «төте жазу» деп аталған әліпби үлгісі, емлесі ресми түрде бекітіледі.

Съезде арабшылар мен латыншылар арасындағы пікірталас пен тартыс өз жалғасын тауып, өткір сипатта өрбіді. Әр топтың өкілдері өз ойларын ортаға салды: А. Байтұрсынов бастаған «арабшылар» съезде «қазақ әліпбиін латындандыру идеясынан біржолата бас тарту қажет» деген пікір білдірген болса, Н. Төрөкұлов латын қарпінің басымдықтарын негіздеуге күш салып, жаңа емлеге өтуді сатылап, жүйелі түрде жүргізу қажеттілігіне назар аударды. Съездің қорытындысында қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми жүйесі, әсіресе әліпби, орфография, терминология, оқыту әдістемесі, ономастика т.б. салалар бойынша маңызды қаулылар қабылданды.

Съезд делегаттары латын графикасына көшу мәселесі және қазақ тілінің болашақтағы жазу үлгісі бойынша ортақ шешімге келе алмады. Қайта керісінше, съезд Қазақстан жағдайында тілдік реформаларды жүргізуден гөрі араб графикасының негізінде А. Байтұрсынов құрастырылған әліпбиді – «төте жазуды» қолдануды жалғастыру, оны одан әрі жетілдіру қажет деп тапты. Дегенмен, латындандыру мәселесі бұрынғысынша

күн тәртібінде тұрды. Съезд қарарларының бірінде республиканың Ағарту халық комиссариатының Академиялық орталығына латын графикасына көшу мүмкіндігін тиянақты және жан-жақты зерттеу қажеттігі туралы ұсыныс айтылды [7]. Осылайша, Орынборда өткен съезд жазба реформасына қатысты пікірталасты тоқтата алмай, I Түркітану съезіне дейін өрбіді.

Орынбордағы Қазақ білімпаздарының I съезінде тиісті қолдау таппаған латыншылар латын жазуы артықшылықтарының жаңа дәлелдемелерін іздестіруге, жазба реформасын жүргізудің және Өзербайжанның тәжірибесін ұтымды пайдаланудың қажеттігін негіздеуге күш салды. Қазақ латыншыларының өкілі Н. Төрөқұлов осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қазақ тіліне бейімделген латын әліпбиінің нұсқасын, сондай-ақ КСРО-да латын қарпіне өту мәселесінің тарихына қатысты шолуын 1924 жылы Мәскеуде жарық көрген «Жаңа әліпби неге керек» атты еңбегінде ұсынды [8]. Бұл кітапша «латыншылар» мен «арабшылар» арасындағы пікірталастың жаңа толқының туындатты. 1924 жылы Түркістан республикасының Ағарту халық комиссариатында қызмет еткен Х. Досмұхамедов «Ақ жол» газетінде «Қазақ тіліне латын харфін алу мәселесі» атты мақаласын жариялады. Х. Досмұхамедов латын графикасына көшуге қарсы пікірде болғанымен, өз бетімен құрастырып шыққан латын әліпбиінің нұсқасын көпшіліктің назарына ұсынып, латын әріптері жүйесінің негізінде «әр дыбысқа жеке әріп» ұстанымын қатаң сақтау қиынға соғатыны туралы қорытындыға келді.

Әліпби реформасы туралы мәселе алғаш 1924 жылдың 12-18 маусым аралығында Орынборда өткен қазақ білімпаздарының бірінші съезінде көтеріледі. Бұл съезде әліпби жөніндегі баяндаманы А.Байтұрсынұлы жасап, өзі құрастырған қазақ әліпбиінің тиімділігін жан-жақты дәлелдеген. «Тексеріп қарасақ, латын әліпбиінің түрік әліпбиінен кемдігі болмаса, артығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға, залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауы тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны дұрыс деп қостауға болмайды», – дейді А.Байтұрсынұлы[1]. Бұл құрылтайда Ахаң: «...Жақсы әліпби болу үшін біріншіден тілге шақ болу керек, өлшенбей тігілген киім ұқсап олпы-солпы болып басы артық әріптері көп әліпби қолайсыз, екіншіден, жазуға жеңіл болу керек, әрі сүгіреттері көп болса жазуды қиындатады, үшіншіден, баспа ісіне қолайлы болу керек, төртіншіден, жақсы әліпби оқушыға үйретуге қолайлы болу керек – міне осы төрт қасиетті негізге алып жақсы әліпби түзуге керек – дейді Ахаң. Баспа істері мен үйрету жағынан қолайсыздық тудырмас үшін түрік әліпбиінің өзін түзету керек. Түрік әліпбиінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара күйінде қалдыру керек. Латын әліпбиін жүргізу жұмысы өте көп іс көп күш керек қылатын болғандықтан латын әліпбиін алу орынсыз деп танымын» – деген болатын. Ал А.Байтұрсынұлынан кейін латын әрпін қолдап, баяндама жасаған Н.Төрөқұлұлы латынға көшу керектігін айтып, артықшылықтарын алға тартады. Н.Төрөқұлұлы латын әрпі баспахана ісіне де, жазу мәшинесіне де қолайлы деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы латын әліпбиін ұстанушыларға өзінің баяндамасында былай дейді: «Араб әрпін латын әрпіне алмастыру мәселесі қозғалғаннан бері көп адам екеуін салыстырып, терең қарап, артық-кемін тексеру, зерттеуге түсті. Екі әріп те жеткілікті дәрежеде терең тексеріп, терең зерттелді. Сол терең тексеру арқасында екі әріптің де бұрын назар салынбай, еске алынбай жүрген көп сындары, сипаттары көзге түсті. Менің мұнан былайғы сөздерім – жалған өз пікірім иа тапқандарым емес, көптің көздеп, үңіліп зерттегенінен табылған нәрселер. Екі әріпті теңестіріп, артық-кемін тексеріп өлшеуге салғанда, таразыңның табан тірейтін нәрселері мыналар болуға тиіс:

- 1) тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша?
- 2) қайсысымен басылған иа жазылған сөз оңай оқылады?
- 3) қайсысымен жазу жеңіл, жазылғанын тану жеңіл?
- 4) қайсысы баспаға қолайлы (баспаға сыйымды болуы, жұмыстың өнімді болуы ол да сонда).
- 5) үйренуге қайсысы оңтайлы?

б) көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық?» [1].

Осы сұрақтарға А.Байтұрсынұлы баяндамасында латын әліпбиіне қарағанда, араб әліпбиінің оқуға, баспаға, сауат ашуға ең жеңіл әліпби екенін былайша дәлелдейді:

1) араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай. Онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады.

2) сауат ашу жүзінде араб әліпбиінің қолайлығы латын әрпінен артық.

3) баспа ісі жағынан араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық.

4) машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр.

5) араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі нағыз оңай, бұқараға қолайлы емле [1].

Төте жазудың тиімділігін, қазақ тілі ережесіне сай келетіндігін, емлесінің басқа жұрт емлесінен артықшылығын, тіліміздің дыбыстарын дәл беретінін ашып көрсете алған ғалымдардың қатарында Е.Омарұлы болды. Ғалым «...Жаңалық деген барды жоғалтып, орынсыз өзгеріс беруде емес, барды өмірге, тұрмысқа үйлестіріп, қолайсызы болса қолайлы етіп өзгертумен қолдануда. Бұлай болса, әрпі жоқ басқа елдер алды екен деп, әрпіміз жақсы, таңбамыз дұрыс біздің латынға көшуіміз – орыс әйелдерінің бетін бояғандарына қызыққандық сияқты еліктеу мен еріккендік. Бос шығын, орынсыз жаңалық», – дейді.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің маңызы зор болды. Сөйтіп қазақ жазу емлесін бір ізге түсіру мәселесі көтеріліп жан-жақты қаралды. Соңынан комиссия емлеге қатысты 11 пункттен тұратын шешім қабалдады.

1. X, ф, h әріптері қазақша әліпбиден шығарылады;

2. Ч әріпі қазақша әліпбиден шығарылады;

3. Сөз басындағы дауысты әріптің алдында сүйеу таяқ ережесі бұзылады;

Осы құрылтайда қазақ жазу емлесін бір ізге түсіру мәселесі жөнінде құрылған комиссия жазу емлесін айтпастан бұрын «...Әуелі қазақша дыбыстар қандай екенін, оған лайық таңбалардың нендей болуын ашып алу керек» деген тоқтамға келіп, қазақ тіліндегі «24 дыбыс былай жіктелсін:

4. I дауыстылар: А, О, Ұ, Е, Ы;

II жарты дауыстылар: И, У, Р, Л;

III дауыссыздар:

1) ұяң: М, Н, Ң;

2) ымыралы: Ж, З;

3) ымырасыз: Д, Г, Ф;

4) қатаң: Б, П, Т, С, Ш, Қ, К.

5) Ескерту: сүйеу таяқ «А» қазақ әліппесінен шығарылсын. Сөз басындағы «А» мәнсіз «Е» жазылады. «Ч» орнына «Ш» алынды. Нүктелі «Ғ» орнына нүктесіз «Г» алынды. X, Ф, h қаріптері қазақ әліппесінің аяғында арабтың басқа қаріптеріне қосылып, тек оқушыларға таныту ретінде ғана жазылсын. Бірақ ол қаріптердің ешбірімен де қазақша ешбір сөз жазылмасқа тиіс.

б) Алынған қаріптердің әліппе реті: А, Б, П, Т, Ж, Д, Р, З, С, Ш, Ф, Қ, К, Г, Ң, Л, М, Н, О, Ұ, У, Е, Ы, И.

7) «Ы» – бітеу буында қалмай жазылсын.

8) Сөз артынан айтылатын демеулердің түбір мен жалғаудың арасында келетіндері сызықшамен жазылсын да, олай түбір мен жалғаудың арасына түспейтін демеулер («да») бөлек жазылсын.

9) Үндестік заңына келмейтін жұрнақтармен жалғанған түбір сөздердің дәйекшелері қалмай жазылсын. Түбір сөздерде де, жалғау-жұрнақ, жалғаулықтарда да «Б» мен «П»-ның жазылуы тіл құралша болсын. Бұрын «Д» мен жазылып жүрген жалғау, жіктеу, жұрнақтар («дағы», «дікі») дыбыс жүйесінше жазылсын.

10) Қазақ тіліндегі «сын» мен «сын,» деген жіктеулерден «сын» алынып, «сын» қалдырылсын.

11) Бұрынғы тіл құралының ережесі бойынша қатты дауысты дыбыстардан кейін сын есімдерде «Т» жазылып, етістіктерде «Д» жазылып отыратын («атты кісі мылтық атты» деген сияқты) естілуінше һаман «Т» жазылсын[2].

1924 жылы Қазақ білімпаздарының съезінде Халел Досмұхамедұлы латын әрпін алуға қарсы болғанмен, латын әріптерінің жобасын жасауға қатысады. “Ақ жол” газеті не жариялаған “Қазақ тіліне латын әрпін алу мәселесі” деген мақаласында: “Өзіміздің осы күнгі әрпімізді бірден тастай салып, латын әрпін алуға қарсы пікірде болсақ та, айналамыздағы желіктің салқыны бізге де тиді. Қолданбасақ та латын әріптерін біз де тілімізге үйлестіріп көру керек. Топқа түсетін болсақ, біз де өзімізге лайық жобамен түсу керек. Пән ретінде қолдануға тағы керек”, – дейді. Ғалым латынның 14 әрпі (а, б, д, г, к, л, м, н, о, п, р, с, т, з) қазақ әрпіне сәйкес келетінін, сондықтан оны өзгеріссіз қабылдауды ұсынады. Ал ң, ө, ш, қ, ч сияқты әріптердің латын тілінде жоқтығын айта келіп, оған лайықты шет тілдерде (неміс, ағылшын, поляк) қолданылып жүрген әріптерді жазуға болатынын көрсетеді. Мәселен, “ш” әрпін ағылшындарша “sh” деп жазуды ұсынады. Ол әріптерді латынша таңбалағанда еуропалықтардан алысқа кептей, солардың қолданып жүрген таңбаларын қолдану қажеттігін де баса айтады.

Қазақ қайраткерлерінің жекелеген тобының тіл құрылысы, соның ішінде қазақ әліпбиіне негіз болатын жазба үлгісін таңдау мәселесінде кертартпа позицияны ұстануға субъективті себептермен қатар, объективті себептер де ықпал етті. «Латыншылар» мен «арабшылардың» тартысы қарқынды түрде жүріп жатқан шақта, КСРО басшылары Орта Азияда ұлттық-мемлекеттік межелеуді іс жүзіне асырды. Оның қорытындысы бойынша, Қазақ АКСР-не бұған дейін Түркістан АКСР-нің құрамында болған екі қазақ облысы – Сырдария мен Жетісу қосылып, ол өз территориясы мен халқы саны жағынан РКФСР-дың құрамына кірген түркітілдес автономиялы республикалардың ішінен ең ірісіне айналды. Сондықтан да, латын қарпіне көшу кезінде Әзербайжанның тіл құрылысындағы тәжірибесін үлгі ретінде пайдаланумен қатар, көптеген әлеуметтік-экономикалық және этномәдени факторларды ескеру шарт еді. Демек, латындандыруға қатысты туындаған қаржылық, ұйымдастырушылық, мәдени, кадрлық, әдіснамалық және басқа да қауіптердің көбісі негізсіз емес болатын. Оның үстіне, өз жазулары мен әліпбиі, дамыған әдеби тілдері жоқ КСРО-ның «кіші халықтары» және этностарымен салыстырғанда қазақтар араб әріптерінің негізінде түзілген, қолданысқа енген А. Байтұрсыновтың әліпбиін бірнеше жыл бойы ағарту және білім, баспа және баспасөз, оқулықтар жазу және оларды жарыққа шығару салаларында жан-жақты әрі табысты түрде пайдаланып келді. Осы себептен «латыншылар» Қазақстандағы «арабшылардың» қарсылығын басуда түркітанушылар съезіне үміт артқаны түсінікті.

Қорыта айтқанда, бұл жиын қазақ қоғамында үлкен серпіліс тудырды десек артық айтпағандық. Съезде сөз болған емле мәселелері қазіргі таңдағы жазу ережелеріне негіз болғанын сөзсіз. Жазу ережелерінің талас тудырған мәселелерін жете тексеріп, ортаға салып ғылыми негізде дұрыс шешім қабылдау Ахаң үшін, Халел Досмұхамедұлы, Елдес Омаров үшін т.б. білімпаздар үшін үлкен жауапкершілік саналды. Сол кездегі ұсыныс-тұжырымдар қазіргі ғалымдардың еңбектерінде ғылыми тұрғыдан зерттеліп келе жатқаны белгілі.

Әдебиеттер:

- 17Ахмет Байтұрсынұлы және қазақ филологиясы: өткені, бүгіні мен болашағы» (ұжымдық жұмыс). – Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017. – 165 бет
- 2.Первый Всесоюзный Тюркологический съезд. - Баку: “Нагыл Еви”, 2011. - 552 бет
- 3.Абикенова Г. Е. , Ахметжанов Қ. “Қазақстанда Латын Әліпбиінің Енгізілуі: Нәтижелері, Тарихи Сабақтары”. - Алматы: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2021. - 12 бет